

6D011900- «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы орындалған Сейлханова Айнур Ергалиевнаның диссертациялық жұмысына ресми рецензент педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры Менлибекова Гульбахыт Жолдасбековнаның

### СЫН-ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» атты төртінші бағытына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясындағы 4-ші бағытта белгіленген міндеттерді шешуге бағытталған. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы № 670 Жарлығымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында орындалған.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссиямен бекітілген ғылымды дамытудың негізгі бағытымен сәйкес келеді: 7) «Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер»; 8) «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша зерттеулер»: ғылыми жұмыс ғылымның және білім берудің негізгі трендтеріне сәйкес әзірленген: жасалған тұжырымдарды педагогика ғылымы саласында ашық цифрлық қоғам жағдайында ғылым және жоғары білім саясатын жүргізудің тиімді тәсілдерін қолдану бағытында, сонымен қатар шетел тілі (екі шетел тілі) мамандығы бойынша пәндерді оқыту барысында және «Білім» бағытындағы мамандарды даярлау жүйесінде пайдалануға болады.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады және өйткені «цифрлық педагогика» ұғымының болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау жағдайында нақтылануы цифрлық педагог тұжырымдамалық модель компоненттерін, әдіснамалық тұғырларын, ұстанымдары және мазмұндық, өлшемдік-деңгейлік сиппатамасын әзірлеуге мүмкіндік берді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу деңгейі: жоғары. Диссертацияның зерттеу нәтижелерінің дәйектілігі, мақұлдануы, сынақтан өтуі философиялық, педагогикалық және психологиялық еңбектердегі теориялық

			және әдіснамалық тұжырымдарға негізделуінен айқын көрінеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі ғылымның даму деңгейі мен қоғамдық сұраныстарға байланысты негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны «Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертация мазмұны «Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың теориялық негіздері», «Цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясын сынақтан өткізу бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс» атты екі бөлімде жүйелі түрде көрініс тапқан.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясының тиімділігін теориялық түрде тексеру болып табылады. Мақсат зерттеудің жоғары білім беру жүйесінің парадигмалық өзгерістері жағдайында цифрлық педагогиканың теориялық негіздерін анықтау; цифрлық педагогиканы ұғымын нақтылау; цифрлық педагог тұжырымдамалық моделін әзірлеу; болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясын әзірлеу; болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясын тиімділігін тәжірибелік - эксперименттік жолмен тексеру міндеттеріне сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан. Диссертацияның «Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың теориялық негіздері» (цифрлық педагогиканың теориялық негіздемесін зерделеу және болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда жана форматтағы мамандарды айқындаудың алғышарттарынан туындаған цифрлық педагог тұжырымдамалық моделімен және соның негізінде цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясын әзірлемесі сиппаталады), «Цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясын сынақтан өткізу бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс» (болашақ шетел

			тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолдану технологиясының тиімділігін тексеру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізу мазмұны мен оның қорытынды нәтижелері қарастырылады) атты екі бөлімдері мен құрылымы өзара логикалық бірізділік негізінде толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар. Диссертацияда автор келесі жаңа шешімдерді (қағидаттарды) ұсынған: цифрлық педагогиканың теориялық негіздері айқындалды; болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясы әзірленді; болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолдану технологиясы жоғары білім берудегі парадигмалық өзгерістерді ескеретін цифрлық педагог тұжырымдамалық моделіне негізделді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады, өйткені диссертацияда жоғары білім беру жүйесі парадигмалық өзгерістер жағдайындағы цифрлық педагогиканың теориялық негіздері ғылыми тұрғыда айқындалған; болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау жағдайында цифрлық педагог тұжырымдамалық модель компоненттерін, әдіснамалық тұғырларын, ұстанымдар және мазмұндық, өлшемдік-деңгейлік сипатамасын әзірлеуге негіз болатын «цифрлық педагогика» ұғымы нақтыланған; болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясын әзірленуі цифрлық педагог тұжырымдамалық моделінің компоненттер мазмұнымен айқындалды, педагогикалық шарттар жүйеленді, технологияның мазмұндық құрылымының әдістер, формалары, цифрлық білім беру технологиялар мен цифрлық ресурстармен толықтырылған; диагностикалық құралдар жүйесінің әзірлемесі технологияның нәтижелігін айқындауға қол жеткізген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Біріншіден, цифрлық педагогиканың теориялық негіздері айқындалып, «Цифрлық педагогика» дегеніміз «педагогикалық тұжырымдама ретінде цифрлық білім беру ортасын зерттеумен

		жаңа болып табылады)	айналысатын және оқу үдерісін цифрлық компоненті тұрғысынан мақсатты түрлендіруге бағытталған педагогика ғылымының саласы» деген анықтама ғылыми айналымға енгізілген; екіншіден, болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясы түлек моделінің цифрлық құраушы компонентін қалыптастыруға бағытталған ұстанымдар жиынтығының сипаттамасы ретінде негіздеу арқылы оның міндеттері, педагогикалық шарттары, цифрлық білім беру ресурстары мен құралдары, диагностикалық құралдары және нәтижелік бөліктердің тұтастығымен айқындаған; үшіншіден, цифрлық педагог тұжырымдамалық моделі (цифрлық педагог - жаңа формациядағы маман ретінде аффективті, танымдық және әрекеттік компоненттерінің үйлесімділігі цифрлық педагогика негізінде психологиялық-педагогикалық дайындығы мен шығармашыл-түрлендіруші деңгейінің қалыптасуы) негізделген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және ғылыми тұрғыда талаптарға сәйкес негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан карағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан карағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия;	7.1 Бірінші қағидат дәлелденді, өйткені цифрлық педагогиканың теориялық негіздерін айқындау негізінде «цифрлық педагогика» ұғымының ғылыми анықтамасы (педагогикалық тұжырымдама ретінде цифрлық білім беру ортасын зерттеумен айналысатын және оқу үдерісін цифрлық компоненті тұрғысынан мақсатты түрлендіруге бағытталған педагогика ғылымының саласы) ұсынылған. 7.2 Жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген. 7.3. Ия. Бірінші қағидат жаңа.

		<p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.4. Кең.</p> <p>7.5 Ия. Мақалада дәлелденген. Бірінші қағидат автордың жарияланған 11 ғылыми еңбегінде, оның ішінде Scopus, Web of Science дерекқорына кіретін шетелдік басылымдағы 2 мақалада көрініс тапқан.</p> <p>7.1 Екінші қағидат дәлелденді, өйткені болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясы әзірленген.</p> <p>7.2 Жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3. Ия. Екінші қағидат жаңа.</p> <p>7.4. Кең.</p> <p>7.5 Ия. Мақалада дәлелденген. Екінші қағидат ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған 4 мақалада дәлелденген.</p> <p>7.1 Үшінші қағидат дәлелденді, өйткені болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолдану технологиясы жоғары білім берудегі парадигмалық өзгерістерді ескеретін цифрлық педагог тұжырымдамалық моделіне негізделген.</p> <p>7.2 Жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3. Ия. Үшінші қағидат жаңа.</p> <p>7.4. Кең.</p> <p>7.5 Ия. Мақалада дәлелденген. Үшінші қағидат халықаралық конференция материалдары жинақтарында жарияланған 4 мақалада және 1 электрондық оқу құралында дәлелденген. Электронды оқулыққа авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізімге мәліметтерді енгізу туралы №17362 куәлігі 2021 ж. 11 мамырда берілген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>8.1 Ия. Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған. Vosviewer бағдарламасы негізінде библиометриялық деректерді талдау ғылыми әдебиеттерге шолу жасалған; психологиялық-педагогикалық, цифрлық педагогиканың мазмұнын анықтау мақсатында әдіснамалық тұжырымдар жүйеленген; теориялық және эмпирикалық алғышарттар мен модельдеу әдісі негізінде цифрлық педагог тұжырымдамалық моделінің әзірлемесі орындалған; статистикалық деректерді өңдеу тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы кезеңінде сауалнама жүргізілген, тестілеу, орташа мән есебі,</p>

			<p>бақылау және сауалнаманың болжамдық регрессия құруына Excel мүмкіндіктері мен SPSS негізінде факторлық жүктеме; Kaiser-Meyer-Olkin және Bartlett тесті; Хи-квадрат; R Snell Кокс квадраты, Найджелкерк және McFadden ретінде Pseudo R-Square; реттік регрессия коэффициенттері, сонымен қатар қалыптастырушы кезеңде цифрлық сауаттылық индексі әдісін, орташа балл динамикасын, t-тесті Стюденті, MNC квадраттар әдісін, R-квадрат, ANOVA моделін, F-статистиканың мәні, t-статистикалық мән, регрессиялық модель коэффициенттері қолданылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>8.2 Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері (Vosviewer бағдарламасы негізінде библиометриялық деректерді талдау) мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін (Excel мүмкіндіктері мен SPSS негізінде факторлық жүктеме; Kaiser-Meyer-Olkin және Bartlett тесті; Хи-квадрат; R Snell Кокс квадраты, Найджелкерк және McFadden ретінде Pseudo R-Square; реттік регрессия коэффициенттері пайдалану) негізінде алынған.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>8.2 Ия. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): Педагогтердің цифрлық құзыреттілігінің Еуропалық негіздемелік бағдарламасы DigCompEdu, мұғалімдерге арналған АКТ-құзыреттілігі бойынша БҰҰБҒМҰ-ның негіздемелік бағдарламасы «ICT Competency Framework for Teachers», TRACK және SAMR моделі сияқты цифрлық құзыреттердің халықаралық шеңберлері зерделенген. Тәжірибелік эксперимент Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті шетел тілі факультетінің "Шетел тілі: екі шетел тілі" мамандығының 4 курс студенттерінің саны бойынша 92 сынаушылар контингенті іріктелген. Эксперименттік және бақылау топтары тең деңгейде бөлініп, эксперименттің басында және соңында әзірленген психологиялық-педагогикалық тестілеуден өткен. Ғылыми нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген.</p>

		8.4. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Автор 234 әдебиетті қолданған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	9.1 Ия. Диссертацияның теориялық маңызы бар. Жоғары білім беру жүйесі парадигмалық өзгерістер жағдайындағы цифрлық педагогика теориялық жағынан цифрлық білім беру ортасын зерттеумен айналысатын және оқу үдерісін цифрлық компоненті тұрғысынан мақсатты түрлендіруге бағытталған педагогика ғылымының саласы ретінде негізделген, цифрлық педагог тұжырымдамалық моделі ғылыми тұрғыдан дәйектелген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	9.2 Ия. Зерттеу нәтижелерін "Білім беру" бағытындағы болашақ мамандарды даярлау процесінде пайдаланудың мүмкіндігі жоғары болып табылады, өйткені цифрлық педагог тұжырымдамалық моделін жалпы түлек моделінің сандық құрылымдық негізі ретінде тәжірибеде жүзеге асыруға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	9.3 Толығымен жаңа. Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. "Шетел тілі: екі шетел тілі" мамандығына арналған "Digital pedagogy for Pre-service Teacher Education" электрондық оқу құралы, "DigitalPedagogyLMS" цифрлық платформасы бірінші рет ұсынылған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Жазу және ресімдеу сапасы талаптарға сәйкес келеді. Ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулардың өте сауатты ғылыми тілде жазылуы академиялық жазу сапасының жоғары деңгейін көрсетеді.

Ізденуші А.Е.Сейлханованың «Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбында орындалған диссертациясы дербес орындалған және "Білім беру" бағытындағы болашақ мамандарды даярлаудың теориялық және қолданбалы міндеттерін шешуге елеулі үлес қосатын іргелі ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады. Ізденуші Айнур Ергалиевна Сейлхановаға 6D011900 - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге түйін жасаймын.

**Ресми рецензент:**

п.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы  
ЕҰУ профессоры



*Г. Мемет*



Мендигбекова Г.Ж.

